

¹Молдабек Құлахмет, ²Казиева Жазира Жаксылыковна

¹Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ²№14 Алыбай батыр жалпы орта мектебінің мұғалімі

¹Silkway халықаралық университеті, ²Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы

ЛАТЫН ӘЛІПБИІМЕН САУАТТЫ ЖАЗУ

Резюме в статье рассматриваются вопросы грамотного написания латинского алфавита.

Ключевые слова латинская буква, грамотное писание

Жалпы сауат ашу, оқыту әдістемесінің түп тамыры тереңде жатқанын аңғаруымызға болады. Бірнеше ғасыр еліміз саяси бодандықта болуына байланысты бұл мәселелер айтылмай, жоққа шығарылды. Бүгінгі күні өткенімізбен тереңірек танысып, тарихымызбен қайта қауышуға біртіндеп қол жеткізудеміз.

Әліппеге дейінгі кезеңде жазу дәптеріне көлбей жазылған әріп элементтері, оларды бір-бірімен қосып жазу үлгілері берілген.

Бұл әліппедегі әріптер реті «Әліппе» (алфавит) деп аталып, былайша берілген: Aa Bb Cc Çç Dd Ee Əə Gg Oŋo Hh Ii Jj Kk Ll Mm Nn N̄n Oo Өө Pp Qq Rr Ss Tt Uu Vv Yy Zz Ъь. Мұнда барлығы 29 дыбыстың таңбасы бар [90,86]. Бұдан кейінгі С.Кеңесбаевтың (1940) латын әліппесінде 32 дыбыс бар. Оған *φ*, *х*, *й* дыбыстары қосылған.

Әліппе кезеңі бас әріптермен жазылған «бала» (BALA) деген сөзден басталған. Т.Шонанов неліктен әліппедегі алғашқы сабақты В, А, L (б, а, л) үш әріптен тұратын сөзден бірден бастаған? – деген сұрақ төңірегінде айтарымыз, алдымен бұл сөзді Т.Шонанов балаға ең жақын, оқуға ең оңай сөз деп ойлағаннан алған болу керек.

Төменгі жақта *l* (л) әрпінің жазбаша үлгісі кішкене жолға жазып көрсетілген. Балалар бұл күні осы (BALA) бір сөзді оқиды және үлгіге қарап, дәптерге жазып үйренеді. Балаларға артық материалдар берілмеген, яғни алғашқы сабақты жеңілден бастаған.

Әліппенің дыбыстан басталмай, бірден *bala* (бала) сөзінен басталуының тағы бір сыры алдымен дыбыспен таныспай, керісінше «сөз» ұғымымен танысып,

материалдар «сөз – буын – дыбыс» ретімен берілгені көрінеді. Ал А.Байтұрсынов Әліб-бейінде алғашқы сабақта бірден сөзден емес, үш әріптен (ا ر ز - а, р, з) басталады да, бірақ алғашқы күні осы әріптермен таныстыру мақсатын көздейді, келесі сабақтарда осы үш әріптен буындар, сөздер құрастырыла бастайды [67,8]. А.Байтұрсыновтың дыбыс, әріптен бастап таныстыратын әдісі бүгінгі күнге дейін жалғастық тауып, сауат ашуда қолданылып келеді.

Келесі бетте ауызша тіл дамытуға, сөйлемдер құрауға мазмұнды сурет берілген. Суретте мұғалім балаларға араны (құрал) көрсетіп тұр, бірнеше бала арамен ағаш кесіп жатыр. Астына *ara* (*apa*) деген сөз жазылған. Осы сөз бас әріптермен (ARA – APA) және үзік сызықтармен тағы екі рет берілген. Балалар ұмытып қалмасын деп кешегі өткен *бала* сөзін бүгінгі жаңа *ara* сөзіне қосып қайтадан оқуға берген:

ARA BALA

Жазуға *р* әрпінің екі элементі жеке-жеке берілген. А.Байтұрсынов әліппесінде жазу үлгісі берілмейді. Өйткені арабшада баспа әріп болмайды, әріптер тек жазбаша формада болғандықтан, берілген сөздер оқуға да жазуға да қолданыла береді. Келесі сабақта қол арасы мен бал арасының жеке суреттері беріліп астына олардың атауын *apa* деп жеке-жеке жазған. *Bala, ara, ara* деген сөздер тағы да оқуға берілген. Алдыңғы сабақтағы оқылған сөз ұмытылып қалмас үшін келесі сабақта оқылған сөзге қосып қайталатып оқыту А.Байтұрсыновтан басталып, қазірге дейін жалғасын тауып келе жатқан әдіс болып табылады. Сол кездегі ғалымдар қайталау әдісінің сауат ашудағы маңызын көре білгендігі байқалады. Одан кейінгі сабақта *qala* сөзі берілген. Бұл сабақта балалар *bala, ara, qala* сөздерін оқиды. Осылайша күн сайын бір сөз оқып, үш күнде балалар үш сөзбен танысқанын көреміз. Әліппе кезеңінде Т.Шонановтың бірден сөз алу себебі балалардың сөздік қорына «сөз» деген ұғымды кіргізіп, оны іс жүзінде үйрету болғандығын байқаймыз.

Балалардың оқуына жеңіл ашық буынды және жалаң буынды сөздер алынғандығы көрінеді. Әдіскер-ғалым сауат ашуда балалардың оқуына ашық,

жалаң буындар жеңіл болатындығын сол кездердің өзінде көре білген. Кеспе буындардан сөздерді құрастырғаннан кейін сол сөздер буынға бөлініп берілген.

Жазуға *q*, *a* дыбыстарының кіші әріптері және *qa* буыны берілген. Балалар осы сабақта берілген сөздерді буынға бөліп оқуды, әр сөзде неше буын бар екендігін біліп, «буын» деген ұғыммен іс жүзінде танысады.

Мұнда берілген сөздердің қатары *ara*, *qala*, *qara*, *ala*, *bala* (*apa*, *қала*, *қара*, *ала*, *бала*). Т.Шонанов А.Байтұрсыновтың сөз тудыру әдісін әліппе құрауда орынды қолдана білген. Әліппеге сөз алдына жаңа дыбыс қою және сөз ішіндегі бір дауыссыз дыбысты өзгерту тәсілдерін қолдану арқылы сөздер құрастырып отырған (*ara – qara*, *qara – qala*, *ala – bala*). Осы сөздер буынға бөлініп оқылады. Одан соң *ba*, *qa* буындарынан *baqa* (*бақа*) сөзі құрастырылып, оқылады. Бұл сөздер жалаң және ашық буындардан тұрады. Оқуға қиындық келтірмейді. Дәптерге *b* дыбысы мен *baqa* сөзін жолдың бойына толтырып жазады. Балалар бірте-бірте буынның не екенін іс жүзінде меңгеріп кетеді де, өздерінің сөздік қорына енгізіп, сөйлегенде пайдаланады.

Т.Шонанов әліппесінің ерекшелігі өткен сабақтағы оқып үйренген сөздер түгелдей дерлік келесі сабақтарда қайталанып отырады. 16-бетте үш қатарға екінші буындары бірдей сөздерді былайша топтап жазған:

<i>a ra</i>	<i>a la</i>	<i>Sa mar</i>
<i>qa ra</i>	<i>qa la</i>	<i>O mar</i>
<i>Sa ra</i>	<i>sa la</i>	<i>Qa mar</i>
	<i>ba la</i>	

Осы сөйлемнің астында партада кітап оқып отырған қыз баланың суреті берілген. Суреттен төмен осы сөйлемдегі екі сөз кеспе буын ретінде ол да өте ірі бас әріптермен берілген: SA-RA O-QB. Осы сабақта балалар алғаш «сөйлем» ұғымымен танысып, сөйлем сөзден құралатындығын біледі. Ал сөздер буындардан тұратынын естеріне түсіріп, бекітеді.

Әдебиеттер

- 1.Шонанұлы Т. Жаңалық, Әліппе. - Қызылорда, 1931. -76 б.
- 2.Шонанұлы Т., Жолдыбаев М. Әліппе. - Алматы: Қазақстан, 1935.-89 б.